

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ



**«ФИЛОСОФИЯНЫ ОҚЫТУ:  
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»** атты  
халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция

## **МАТЕРИАЛДАРЫ**



## **МАТЕРИАЛЫ**

международной научно-методической конференции  
**«ПРЕПОДАВАНИЕ ФИЛОСОФИИ:  
ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

Алматы 2016

**Жауапты редакторлары:**  
Г.Ж. Нұрышева, Ж.А. Амиркулова

**Философияны оқыту: мәселелері және болашағы: ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / жауапты ред. Г.Ж. Нұрышева, Ж.А. Амиркулова. 24 ақпан 2016 жыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 139 б.**

**ISBN 978-601-04-1655-9**

Қазақстандық Философиялық Конгресс Алматы бөлімі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Философия және саясаттану факультеті, философия кафедрасы ұйымдастырған «Философияны оқыту: мәселелері және болашағы» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдарының жинағында білім беру жүйесінде философияны оқыту саласындағы өзекті теориялық, әдістемелік және технологиялық мәселелер кең қамтылған.

Жинақ философия және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер оқытушыларына, «Философия» мамандығының бакалаврларына, магистранттарына және докторанттарына ұсынылады

Сборник материалов международной научно-методической конференции «Преподавание философии: проблемы и перспективы», организованной Алматинским филиалом Казахстанского философского Конгресса, факультетом Философии и политологии, кафедрой философии КазНУ им. аль-Фараби содержит широкий диапазон актуальных теоретических, методических и технологических проблем в сфере преподавания философии в системе образования.

Сборник рекомендуется преподавателям философии и социогуманитарных дисциплин, бакалаврам, магистрантам, докторантам специальности «Философия»



Молдабеков Ж.Ж. ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДАМУ ФИЛОСОФИЯСЫ: ІЗДЕНІСТЕР, ІРКІЛІСТЕР .....	82
Мұхтарова Қ.С., Смағұлова Г.С. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	86
Мямешева Г.Х. ФАСИЛИТАТОР В ФОРМИРОВАНИИ КОМПЕТЕНЦИЙ .....	89
Нұрмұратов С.Е. ТҮРКІ ФИЛОСОФИЯСЫН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚЫРЛАРЫ .....	92
Нұрышева Г.Ж., Сырғақбаева А.С. «ҚАЗАҚТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ КАТЕГОРИЯЛАРЫ» ТАҚЫРЫБЫНА ДӘРІС ОҚУ ӘДІСТЕМЕСІ .....	95
Нығметова А.Т. ОНТОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ .....	98
Өмірбекова А. Ө. ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ .....	101
Пацюкова Ю. А. ПРОБЛЕМА ПРЕПОДАВАНИЯ ФИЛОСОФСКИХ ДИСЦИПЛИН НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ ИНОСТРАННЫМ СТУДЕНТАМ В ПРОСТРАНСТВЕ РОССИЙСКОЙ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ .....	103
Пернекулова М. СОВРЕМЕННЫЕ КОММУНИКАТИВНЫЕ И ИНФОРМАЦИОННЫЕ СФЕРЫ: ИХ РОЛЬ, ЗНАЧЕНИЕ В СОВРЕМЕННОЙ ФИЛОСОФИИ И КУЛЬТУРЕ .....	106
Петрова В.Ф., Хасанов М.Ш. ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЯ КУРСА «ФИЛОСОФСКИЕ ПРОБЛЕМЫ АКСИОЛОГИИ» .....	109
Рамазанова А.Х. О МЕТОДАХ ПРЕПОДАВАНИЯ ФИЛОСОФИИ В ВУЗЕ .....	112
Рякова Е.Г., Савчук Е.В. ПОТЕНЦИАЛ КОМПЕТЕНТНОСТНОГО ПОДХОДА В ПРЕПОДАВАНИИ ФИЛОСОФИИ .....	114
Сартаева Р. С. ФИЛОСОФИЯ В ПРОСТРАНСТВЕ СОВРЕМЕННОГО ИНФОРМАЦИОННОГО ОБЩЕСТВА .....	117
Сарымсаков А. «ДНИ ПСИХОЛОГИЯ» ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ .....	121
Сүлейменов П.М. ӘЛ-ФАРАБИДІҢ БІЛІМ ЖӘНЕ БІЛІМДІ БЕРУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ . .....	126
Сулейменов Т.А., Сулейменова М.Т. РАЗРОЗНЕННЫЕ ЗАМЕТКИ О ТРИЕДИНОЙ ЗАДАЧЕ ПРЕПОДАВАНИЯ ФИЛОСОФИИ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ .....	129
Тұрғанбеков С.Қ. ТАРЛАН (Ұстаз Бекет Ғалымжанұлы туралы) .....	132
Хасанов М.Ш., Петрова В.Ф., Джаамбаева Б.А. АНТРОПОЦЕНТРИЗМ И РЕЛИГИОЗНОСТЬ В РУССКОЙ ФИЛОСОФИИ В КУРСЕ «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ АНТРОПОЛОГИИ» .....	134



фиялық ұғымдар мен түсініктердің ретіне келетін болсақ, онда «Білім, Даналық, Әділеттілік, Тіл мен Сөз қадірі» сияқты рухани құбылыстардың дүниеге көзқарастарында, дүниені пайымдауларында негізінен қолданатынын аңғарамыз.

Шын мәнінде кез келген әлеуметтік субъект тарихта өзінің мәдени деңгейін биіктеткен сайын рухани құндылықтарға жақындай түседі, өзінің әлеуметтік болмысын барынша руханиландыра, маңыздандыра түседі. Міне, сондықтан философиялық пайымдауларға, мәдениет құндылықтарына, ғылымға, білімге, діни құрылымдарға, дүниетанымдық негіздерге деген сұраныс та белгілі бір даму деңгейінде жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан әр дәуірдің өзіндік қисынына, қажеттілігіне сәйкес келетін үрдістер негізінен жүзеге асып, олардың эволюциясы бірте-бірте қоғамды өзгертуші, жаңа әлемге икемдеуші, пәрменді дамытушы, әлеуметтік саланы жандандырушы, бағыттаушы, басқарушы, реттеуші, өзара үйлесімдендіруші рухани-әлеуметтік күшке айналатындығына күмән келтірмейміз. Философияның осы жағдайды, үдерісті барынша нақты, жүйеленген, тұтастанған рационалдық тұрғыда бірден-бір игеруге, пайымдауға, зерделеуге көмектесетін рухани күш екенін дәйектей түсуіміз қажет.

### Әдебиеттер

1. Орынбеков М.С. Предфилософия протоказахов. Алматы: Өлке, 1994.

**Нұрышева Г.Ж., Сырғақбаева А.С.**

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы*

### **«ҚАЗАҚТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ КАТЕГОРИЯЛАРЫ» ТАҚЫРЫБЫНА ДӘРИС ОҚУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Жоғары оқу орындарының оқу үдерісіндегі дәрістің рөлі үнемі талқыланып, әртүрлі деңгейде пікірталас тудырып келе жатқан мәселелердің бірі. Шетелдік университеттерде дәрістердің көлемі мейлінше азайып, негізгі сағаттар студенттердің, магистранттардың және докторанттардың өзіндік жұмыстарына бөлінеді. Ал отандық жоғары оқу орындарында дәрістік сағаттар қазіргі кезеңде негізінен алғанда бұрынғы көлемде сақталып отыр. Яғни, жоғары білім беру үдерісіндегі дәрістерге деген көзқарастарды екі топқа бөлуге болады:

1) *Дәрістерді азайтуды немесе біржола алып тастауды жақтаушылар.*

Олардың пікірінше, біріншіден, ғылым мен техника озық дамыған заманда білім алушы дәрістің материалдарымен техникалық құралдар арқылы таныса алады. Біздің жағдайымызға қатысты айтатын болсақ, өз ісіне жауаптылықпен қарайтын профессордың немесе доценттің дәрістерінің басым бөлігі ол жүргізетін пән бойынша дайындалған оқу-әдістемелік кешеннің құрамында Интранетке орналастырылған және білім алушы олармен кез-келген уақытта таныса алады. Екіншіден, дайын дәрісті тыңдауға үйреніп алған білім алушы көбіне өзінің санасына салмақ сала бермейді, ізденбейді, нәтижесінде оның шығармашылық ойлау, өз бетімен жұмыс жасау қабілеттері төмендейді. Үшіншіден, қазір не көп, оқулық көп заманда дәріс оқудың қажеті де шамалы, керек білімді өз бетімен игеруге болады. Төртіншіден, дәрістерді қабылдау күніне бірнеше дәріс тыңдайтын білім алушыға қиынға соғады, ол дәрістің мазмұнын түсініп, санасында сақтап та, негізгі тұжырымдарын жазып алып та үлгермейді. Яғни, дәріс – профессор үшін де, білім алушы үшін де босқа кеткен еңбек және жоғалған уақыт деп тұжырымдайды бұл көзқарастың өкілдері.

2) *Дәрістің қажеттілігін қолдаушылар.* Дәріс, бұл топтың ойынша, жоғары оқу орындарындағы білім беру үдерісінің маңызды және ажырамас құрамдас бөлігі. Университеттерде дәрістер міндетті түрде болуы тиіс. Дәрісті сақтап қалуды жақтаушылардың пікірінше, дәріс – білім алушының материалды игеруінің негізі және алғашқы басқышы. Мұндай пікірдің қалыптасуының теріс себептерінің бірі – біздің білім алушыларымыздың бойында әлі де болса «мектептік» менталитеттің сақталуы, яғни жастардың жоғары оқу орындарында білім алуға психологиялық жағынан дайын болмауы. Олар әлі де болса бәрін түсіндіріп, бағыт сілтеп беретін оқытушыға зәру.

Жағымды себебіне келетін болсақ, дәріс сабақтарында профессор осы пән немесе тақырып бойынша жан-жақты жинақталған материалды баяндайды, талданып отырған мәселеге деген әртүрлі көзқарастарды салыстырып, жаңа идеялар мен пікірлермен таныстырады. Яғни, білім алушы өз бетімен жете алмайтын білімнің негізін қалайды. Сонымен қатар, дәріс оқушының (профессор немесе доценттің) тұлғалық ерекшеліктері тыңдаушыларының бойынша өздерінің іздерін міндетті түрде қалдырып отырады. Белгілі философ Майкл Полани білімнің екі түрі туралы айтқан болатын: көрінетін және көрінбейтін. Көрінетін білім интертұлғалы түрде, жарияланған теориялар мен ұғымдар арқылы